

Жаңбыров Ж.Ф., Кенжегұлова С.Б.

**ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫ
БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Жанбыров Ж.Г., Кенжегұлова С.Б.

**ОСОБЕННОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ПРЕДПРИЯТИЕМ В УСЛОВИЯХ
ГЛОБАЛИЗАЦИИ**

Zh.G. Zhanbyrov S.B. Kenzhegulova

**FEATURES OF ENTERPRISE MANAGEMENT IN CONDITIONS
OF GLOBALIZATION**

ӘОК: 656.225

Бүгінгі жаһандану заманында осы уақытқа дейінгі қолданыста болған, басқарудың теориялық негіздері біраз жағдайда өз міндетін тиісті деңгейде атқара алмай отыр [1]. Өйткені басқару, соның ішінде экономикалық тетіктердің көптеген өндіріс салаларына, дүние жүзіндегі және жеке мемлекеттердегі болып жатқан саяси бағыттағы сыртқы өзгерістер тікелей өзгерістер әсер ете бастады. Егер кез-келген өндірісті ұйымдастыру мен басқару жүйесін, шартты түрде техникалық күрделі технологиялық жүйе ретінде қарастыратын болсақ, бұл технологиялық жүйе сыртқы әсерлердің өзгеруіне және әсер күшіне қарай өзгере алмайды, яғни өз-өзін сыртқы жағдайларға бейімдеу мүмкіндіктері жетпей жатыр. Сондықтан нарық кеңістігінде қызмет көрсетер немесе дайын бұйымдар шығарар тұлғалар сыртқы әсерлерге сәйкес өз бетінше экономикалық тұрғыда өзгеріп, нақты жағдайға бейімделе алатын мүмкіндіктерін қарастыру міндеті тұр.


Өндірісті немесе қызмет көрсетуші тұлғаларды өз алдына экономикалық тұлға ретінде қарайтын болсақ, бұл тұлғалар «... сыртқы өзгерістерге сәйкес өз бетінше тура мезгілінде керекті құрам-

дық, жүйелік өзгерістер жасай алуы» деуге болады.

Өз бетінше қайта құрамдық және жүйелік өзгерістер жасай алатын шаруашылық немесе кәсіби тұлғалар бүгінгі заман талаптарына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық ортаның даму деңгейіне қарай өзгеруі тиіс. Осы тұрғыдағы мәселелер көптеген мемлекеттерде зерттеушілермен ғалымдардың басты назарларын аударуларына әкеліп отыр. Өйткені экономикасы дамыған, демократия орнаған ірі мемлекеттердегі тұрақсыздық, соның ішінде трансконтинентальдық компаниялардың қарыздарға батуы мен күйреуі себеп болды.

Ақпараттық мәліметтерге жүгінсек, басқару жүйесін зерттеуші ғалымдардың басты назарлары «өз бетінше құрамдық және жүйелік өзгерістер жасай алар ұжымдар мәселесіне көп көңіл бөлуде [2].

Солардың ішінде Л.Берталанфи, С.Вира, Н.Вира, И.Пригожина, У.Р.Эшби және басқаларын атап кетуге болады. Теориялық тұрғыда, яғни өздігінен қайта құрылу теориясына келсек, негізгі басты принциптерін былайша жүйелеуге және бейнелеуге болады.




Сурет 1 – Кәсіпорындардың жаһандану кезіндегі бәсекелестікке сәйкес негізгі басқару принциптері

Аталған принциптерді теориялық-әдістемелік тұрғыда қарастыратын болсақ төмендегі мәселелерге көңіл бөлуге болады. Келтірілген принциптердің ең бастысы динамикалық теңдестікті сақ-

тау принципі. Оның өзгешелігі құрама жүйесінің негізгі көрсеткіштерін, демек жүйелік құрылымның негізін қалаушы, сақтап қалу мүмкіндігін атаған жөн. Ғалым-зерттеуші О.Моргенштерн

бұны жүйенің басты «ядросы» деп атап, екіге бөліп қарастырған [3]. Демек, жоғарда

келтірілген суреттегі бейнені былайша келтіруге болады.



Сурет 2 - О.Моргенштерн теориялық жүйесінің шартты бейнесі

Ұсынылған теориялық тұжырым бойынша мынадай ерекшеліктерін атап өтуге болады.

Біріншісі «ядроның» басты құрылымы егер ол болмаса барлық жүйелік құрылымның қызмет көрсету мүмкіндігі жойылады.

Екіншісі осы негізгі «ядроның» жағалай орналасқан құрылымдық көрсеткіштер, ал егер бұлар қызметін атқара алмаса, «жүйенің қайта құрылым түрінде басты міндетін атқару мүмкіндігі жойылмайды». Демек О.Моргенштерннің тұжырымдамасы бойынша негізгі жүйелік құрылымның басты «ядросы» сыртқы өзгерістер мен әсерлерге бейімделгіш болса, бұл жүйелік құрылым солғұрлым бәсекелестікке берік келеді.

Келесі принцип ортақ мақсат таба білу. Жалпы қандайда құрылымдық жүйе болмасын оның барлығы тепе-теңдік заңдылығына құрылатыны айғақ. Бірақ физикалық құрамдық жүйелерден, өзін-өзі басқарар немесе сыртқы ортамен әсерлерге сәйкес өзгеріп тұрар құрамдық жүйелердің сол өзгерістерге байланысты мақсатын немесе орнын таба білу мүмкіндігі деп қарастыруға болады.

Өзара байланыс принципі-шаруашылық жүйесінің негізі. Бұл принцип әсер және қайта әсер заңдылығы деуге болады, егер осы заңдылық негізі сақталмаса, ешқандай құрылымдық жүйе болмайды, өйткені екі жақты, яғни өзара тұрақты да толық қанды ақпаратпен қызмет көрсету мүмкін емес.

Сыртқы қоршаған орта әсерлеріне тез бейімделу принципі, басты ерешеліктері болып:

-біріншіден жүйенің ішкі және сыртқы байланыстары арқылы қоршаған орта әсерлеріне тез бейімделу мүмкіндіктері;

-екіншіден сол қоршаған ортаға сыйымдылығы.

Соңғы принцип-сыртқы әсерлерді тез қабылдау және жедел сәйкестендіру. Бұл принцип жүйенің негізгі мақсатын орындау үшін сыртқы өзгерістерді тез байымдап, анықтап өздерінің негізгі мақсаттарын орындау мүмкіндігі. Әрине бұл аталған принциптерден басқада принциптер бар,

олардың кейбіреулері нақты ортада ең бастысыда болуы мүмкін, бірақ қандай жүйе болсада, олардың негізгі мақсатын орындау мүмкіндігін жетілдіру, өзін-өзі өзгерте білуі керек.

Осы тұста атап өтер мәселенің бірі көлік, соның ішінде автокөлік кәсіпорындарын басқару ерекшеліктері. Автокөлік кәсіпорындары үшін динамикалық теңдестік есептегі немесе тізімдегі автомобильдермен жылжымалы құралдарды тиімді пайдалану. Ал ол үшін жоғарыда атап өткен басқару принциптерін одан әрі жіктеп қарастыруды керек етеді. Өйткені, жылжымалы құралдардың пайдалану тиімділігін арттыру аталған принциптер мен техникалық ерекшеліктеріне байланысты. Бұл мәселе ізденушінің ғылыми жұмысының ең басты мақсаты, сондықтан ол жөнінде келесі басылымдарда беріледі.

Нарықтық қатынастар талаптарының өзгеруі көптеген саяси, экономикалық процесстерден және тек қана нақты мемлекет емес, сонымен қатар іргелес және басқада ірі мемлекеттердегі ішкі, сыртқы саясаттарға тәуелді екенін көрсетті. Сондықтан ірі кәсіпорындардың экономикалық тұрақтылығы, одан әрі дамуы жаһандану үрдістерінің өзгеруіне тікелей байланысты. Бұл жөнінде соңғы жылдары елең алған дүние жүзіндегі барлық мемлекеттерге әсер еткен қаржылық дағдарыстан келген әсерлерді атап өтуге болады.

Кез келген ашық дамушы күрделі жүйе теориялық тұрғыдан қарағанда жалпы жүйелік болып келеді. Дегенмен бұл жүйелерді олардың ерекшеліктеріне қарай биологиялық, техникалық және әлеуметті-экономикалық немесе шаруашылық деп бөледі. Шаруашылық жүйесі біз қарастырып отырған кәсіпорын басқару ерекшеліктерін толықтай ашады. Өйткені ол қызмет көрсету барысында алушылар, тұтынушылар арасындағы экономикалық байланыстар негізінде тұрады. Ал осы қоршаған ортада қызмет көрсетушінің алушылармен тұтынушылар арасында таңдау, өзгеру мүмкіндіктері бар. Сондықтан қандайда

болмасын шаруашылық етуші тұлға өздігінен дамай алмайтын болса, онда нарық бәсекелестігіне төтеп бере алмайды, яғни «өзбетінше дамусыз-экономикалық өрлеу болмайды» деуге болады.

Шаруашылық тұлғалары өндіріс салаларына қарамастан тұрақты тұлғалар болып қаралады. Ал сол шаруашылық тұлғаның ішінде және оның сыртқы ортадағы шаруашылық процесстерінің өзгеруі, дамуы. Тез арада іс-қимылын өзгерте алуына байланысты олардың өзбетінше өзгеруі теориялық тұрғысында қарастыруа болады. Мысалы қандайда болмасын автокөлік кәсіпорыны болмасын, құжат түрінде барлығы бірдей заңдылық кеңістігінде болады, ал нарық кеңістігінде олар өздерінің іс-қимылдарымен тез арада керекті шаралар қабылдап, іске асыру немесе өзбетінше өзгере алу мүмкіндігіне қарай бөлінеді.

Нақты кәсіпорындардың өзбетінше даму мүмкіндіктері олардың сыртқы ортаның өзгеруіне, әсерлеріне қарай ішкі басқару, құрылымдық және технологиялық үрдістерінің бейімдеу мүмкіндіктері деп атауға болады. Егер нарық тұтынушыларының талаптарының өзгеруіне байланысты, көрсетер қызмерт түрі немесе шығарылар дайын бұйымдар түрлеріне сұраныс болмаса, кәсіпорынның жұмысы толықтай тоқтары анық. Сол себепті тұтынушылармен сұраныстардың талаптарына сәйкес техникалық, технологиялық өзгерістер енгізу және оның алдын ала білу кез-келген кәсіпорынның нарық кеңістігінде бәсекелес-

тікке төтеп беруіне және заман талаптарына байланысты өзгеруіне, дамуына тікелей әсер етеді.

Өзідаму теориясы бүгінгі уақытта көптеген ғылым бағыттардың соның ішінде менеджменттің дамуына өз бетінше әсер етіп отыр. Өйткені нарық заманында және әрсәт сайын өзгеріп отырған сұраныс пен тұтынушылардың талаптарын, саяси-экономикалық жағдайдың өзгеруін алдынала болжап дайын болмаса, яғни керек кезінде құрамдық, технологиялық өзгерістерге дайын болмаса, қандайда болмасын өндіріс саласында, қаржы саласында, тіпті халыққа қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындар үлкен дағдарысқа түсуі мүмкін. Демек болып жатқан жағдайларды елемей, оны алдын-ала болжамаудың салдары кәсіпорынды тұйыққа тірейтіні анық. Осы жағдайларға тап болған кәсіпкерлер, кәсіпорындар заман талаптарының өзгеруіне дайын болып, оны болжамдау отыру үшін өз беттерінше әрекеттер етуде, олай болмаса бәсекелестікте жеңіліс табатынын уақыт көрсетіп отыр.

Әдебиеттер:

1. Ефимушкин С.Н. Маркетинг – менеджмент. // Учебник. - М.: МГТУ им. Н.Э.Баумана. - 2005.- 53 с.
2. Мескен М., Альберт М., Хедарн Ф. основы менеджмента.//Учебник. – М., - 2000. – 704 с.
3. Селюков В.К. Риск – менеджмент организации.// Учебник. – М.: МГТУ им.Н.Э.Баумана. - 2008.- 188 с.

Рецензент: д.тех.н., профессор Шайырбеков Т.